Al-Farabi adındaki Kazak Ulusal Üniversitesi, Filoloji Fakültesi, A. Baitursynuly adındaki Kazak Dilbilimi Bölümü doktora öğrencisi Ramazanov Talgat Bekbulatovich, "8D02307" uzmanlığında Felsefe Doktoru (Doktor) unvanı almak için hazırlanmış "Edebi Metinlerde Diyaloğun Dil-Kültürel Özellikleri" başlıklı bilimsel tezin yurtdışı danışmanının

FİKRİ

Modern dilbilimin temel özelliği, dil sahibinin kullandığı dilin sistemik ve yapısal yönüne odaklanmaktan ziyade, dilin bir iletişim aracı olarak işlevine odaklanmasıdır. Dil yalnızca katı bir şekilde yapılandırılmış, dil birimleri ve bunların karşılıklı ilişkileri sistemi olarak anlaşılamaz. Her şeyden önce bir iletişim aracıdır. Dilin iletişim işlevinin tek tek birimler halinde değil, bilinçli bir karşılıklı iletişim eylemi biçiminde gerçekleştiği gün geçtikçe açıklığa kavuşmaktadır. Doktora öğrencisi Ramazanov Talgat'ın "Edebi Metinlerde Diyaloğun Dil-Kültürel Özellikleri" konulu tezi bu açıdan oldukça değerlidir.

Bu bilimsel çalışma, edebi metnin en temel bileşenidir - diyaloğu inceleyerek Kazak diyaloğunun dil-etno-kültürel karakterini belirleyebildi. Tez öğrencisi, tanımlanan hedefe ulaşmak için belirli görevleri ortaya koydu.

Bilimsel çalışmanın ilk bölümü "Edebi Metinde Diyaloğun Doğası" adını taşımaktadır. Bu bölümde tez öğrencisi Talgat Ramazanov edebi metindeki diyalogun yapısal-anlamsal, işlevsel-iletişimsel ve bilişsel özelliklerini tespit etmiştir. Diyalogun tanımlanan özellikleri, edebi metinlerden derlenen diyalog örnekleriyle kanıtlanmıştır. Tez öğrencisi T. Ramazanov söz konusu bölümde aşağıdaki sonuçlara ulaştı:

Yapısal-anlamsal karakterini belirleyerek diyaloğun içindeki diyalog girişin, diyalog ve yazarın tanıtımı gibi bölümlere ayırdı. Bu parçalar karmaşık bir sözdizimsel bütün olarak kabul edilir.

İşlevsel-iletişimsel karakteri belirleyerek diyalogdaki iletişimsel niyet türlerini tanımladı ve bunları örneklerle açıkladı. Aynı zamanda edebi metinde diyaloğun işlevlerini ayırt etmiş ve grafik özelliklerini vurgulamıştır. Olay örgüsünün geliştirilmesi ve diyaloğun karakterizasyonunun işlevleri tanımlanmış ve örneklerle açıklanmıştır.

Tezin ikinci bölümü diyaloğun etno-kültürel özelliklerinin tanımlanmasını amaçlamaktadır. Bu bölümde tez öğrencisi T. Ramazanov Kazakça metinlerde bir diyalog modeli oluşturdu. Bu modele dayanarak, yazarın niyetine dayalı metinlerdeki diyaloglara üstbilişsel (tezci terimi) diyalog adı verilirken, metinlerde her halkın kendine özgü özelliklerini, ulusal etnik farklılıklarını anlatan diyaloglara etnokognitif diyalog denir. Bu açıdan bakıldığında tezin bilimsel çalışmaya yönelik olduğu anlaşılmaktadır.

Aynı zamanda söz konusu bölümde, söylem aytış söylemine diyalojik katılımın özellikleri, güzel sözleri, kazak diyaloğunun cinsiyet özellikleri ve ulusal sözlü olmayan eylemlerin diyalojik özellikleri de tanımlanmaktadır. Diyalogda soru-cevap replikalarının kullanılması da gözden kaçırılmadı. Doktora öğrencisi T. Ramazanov, Abay'ın şiirleri inceleyerek ve şiirlerinin diyalogların doğasını tespit ediyor ve bunlara diyalojik yansımalar adını vermeyi öneriyor. Edebi metindeki diyalog türlerinin toplanan örneklere dayanarak belirlenmesi, tez öğrencisinin bilimsel konuya tam olarak hakim olduğunu ve belirlenen hedefe ulaştığını gösterir.

Araştırma çalışmasının üçüncü bölümü "Sanatsal metnin diyaloğunda dilsel kişinin özellikleri" adını taşımaktadır. Bu bölümde muhalif, yazarın diyalog yoluyla tanınabilecek

dilsel kişiliğini tespit etti. Ayrıca diyalogdaki dilsel kişinin imajını ortaya çıkaran iletişimsel taktik ve stratejileri belirlemiş ve her taktiğin kullanım amacını belirlemiştir. Karakterin imajını ortaya çıkarmada diyaloğun işlevini analiz etmiş ve karakterin kimliğinin diyalog yoluyla tanınabileceğini kanıtlamıştır.

Tez öğrencisi T. Ramazanov benim rehberliğimde Hacettepe Üniversitesi, Edebiyat Fakültesi, Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları bölümünde yurtdışı araştırma stajını tamamladı. Staj sırasında Ankara'daki kütüphaneleri ziyaret ederek bilimsel literatürle tanıştı. Bölüm bilim adamlarına araştırma stajıyla ilgili bir rapor verdi. Kendi adıma, bilimsel çalışmanın ana kısmı hakkında düşüncelerimi aktardım.

Tezin araştırma çalışmasında mantıksal bir bağlantı korunmuştur. T. Ramazanov'un dili akıcı, tez bilimsel üslubun gereklerini tam olarak karşılıyor, noktalama işaretleri, yazım hataları yoktur. Özetlemek gerekirse, doktora öğrencisi T. Ramazanov araştırma konusuna tamamen hakim oldu ve araştırmayı ilgiyle yürüttü. Yukarıdakiler göz önüne alındığında, T.B. Ramazanov'un "8D02307 - Kazak Filolojisi" uzmanlığında Felsefe Doktoru (Doktor) derecesi almak için hazırladığı "Edebi Metinlerde Diyaloğun Dil-Kültürel Özellikleri" tezi, amacına ulaşmış ve tamamen tamamlanmış bir çalışma olarak görüyorum.

HACETTEPE ÜNİVERSİTESİ
Çağdaş Türk Lehçeleri
ve Edebiyatları Bölümü
Beytepe/ANKARA

Prof. dr. İbrahim Ahmet AYDEMİR

Hacettepe Üniversitesi
Edebiyat Fakültesi
Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları
Bölümü Öğretim Üyesi

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты Рамазанов Талгат Бекбулатовичтің «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «**Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері**» атты диссертациясына шетелдік ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Тілді тек тілдік бірліктер мен олардың өзара байланысының қатаң құрылымды жүйесі деп түсінуге болмайды, ол біріншіден, қатысым құралы. Күннен күнге тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны нақтыланып келеді. Осылармен байланысты тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, прагматикалық мақсаты, сөйлеу актілері теориясы, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативті-прагматикалық категорияларының өзектілігі артып отыр. Осы тұрғыдан алған докторант Рамазанов Талгаттың «Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы құндылығы жоғары.

Аталған ғылыми жұмыс – көркем мәтіннің ең негізгі құрамдас бөлігі – диалогты зерттеу арқылы қазақ диалогының лингвоэтно-мәдени сипатын анықтау. Диссертант анықталған мақсатқа жету үшін нақты міндеттер қоя білген.

Ғылыми жұмыстың бірінші тарауы «Көркем мәтіндегі диалогтың сипаты» деп аталады. Бұл бөлімде диссертант Талгат Рамазанов көркем мәтіндегі диалогтың құрылымдық-семантикалық, функционалды-коммуникативік және когнитивтік сипаттарын анықтаған. Диалогтың анықталған сипаттары көркем мәтіннен жинаған диалог үлгілері арқылы дәлелденген. Диссертант Т.Рамазанов аталған тараушасы бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізген:

Құрылымдық-семантикалық сипатын анықтай отырып, диалогты өз ішінде диалогтық кіріспе, диалог, авторлық кіріспе сияқты бөліктерге жіктеген. Аталған бөліктерді күрделі синтаксистік тұтастық ретінде танығаң.

Функционалды-коммуникативтік сипатын анықтай отырып, диалогтағы коммуникативтік ниеттің түрлерін анықтаған, мысалдармен дәйектеген.

Сонымен бірге диалогтың көркем мәтіндегі атқаратын қызметтерін саралап, графикалық ерекшеліктеріне де баса назар аударған. Диалогтың сюжетті дамыту қызметі, мінездеу қызметі сынды функцияларын анықтап, мысалдар арқылы нақтылаған.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауы – диалогтың этномәдени ерекшеліктерін айқындауға бағытталған. Аталған тараушада диссертант Т.Рамазанов қазақ мәтіндеріндегі диалогтың моделін жасаған. Осы модель

негізінде автордың интенциясына негізделген мәтіндердегі диалогты метатанымдық (термин – диссертанттікі) диалог деп атаса, әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын мәтіндердегі диалогтарды этнотанымдық (термин – диссертантікі) деп атаған. Осы тұрғыдан келгенде диссертант ғылыми жұмысқа төселгенін аңғаруға болады.

Сонымен қатар аталған тарауда айтыс, шешендік сөздер дискурсындағы диалогтық қатысымның ерекшеліктері, қазақ диалогының гендерлік ерекшеліктері мен ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтық сипаттар да анықталған. Диалогтағы сұрақ-жауап репликасының қолданысы да назардан тыс қалмаған. Докторант Т.Рамазанов поэзия мен Абай қарасөздеріндегі диалогтық сипатты анықтап, бұларды диалогтық ойтолғам деп атауды ұсынады. Жинақтаған мысалдары негізінде көркем мәтіндегі диалогтың түрлерін айқындауы – диссертанттың ғылыми тақырыпты толық меңгеріп, қойылған мақсаттың үдесінен шыққанын аңғартады.

Зерттеу жұмысының үшінші тарауы «Көркем мәтін диалогындағы тілдік тұлғаның ерекшеліктері» деп аталады. Диссертант бұл тарауда диалог арқылы танылатын жазушының тілдік тұлғасын анықтаған. Сондай-ақ диалогтағы тілдік тұлғаның бейнесін ашатын коммуникативтік тактика мен стратегияларды анықтап, әр тактиканың қолданылу мақсатын айқындаған. Диалогтың кейіпкер бейнесін ашудағы қызметін талдап, кейіпкердің диалогы арқылы болмысы танылатынын дәлелдеген.

Жалпы докторант Т.Рамазановтың докторлық жұмысының тұжырымдары мен көзқарастары ғылыми тұрғыдан маңызға ие. Жұмыста 180-нен астам ғылыми еңбектер пайдаланып, 50 көркем шығармадан 5000-нан астам тілдік бірлік жинаған. Жұмыста қолданылған әр дереккөз орынды деп санаймын. Докторлық диссертация ғылыми жұмыстың талабына сай жазылған. Яғни, диссертацияның кіріспесі мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдар негізгі бөліммен байланысқан. Көзделген міндеттер орындалған. Әр тараудың соңындағы диссертанттың ойтүйіні орынды үйлесім тапқан.

Докторант Т.Рамазанов отандық тілтанымдағы дискурс, мәтін, диалог мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерді пайдалана отырып, ғылыми жұмыстың өзектілігін айқындаған. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тарау мен қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер мен қосымшадан тұрады. Докторлық диссертацияның нәтижелері логикалық бірлікте, тараулар мен тараушалар жұмыстың мазмұнына сай құрылған.

Диссертант Т.Рамазанов менің жетекшілігіммен Түркия Республикасы Анкара қаласындағы Хаджеттепе университетінің Әдебиет факультеті қазіргі түрік тілі мен әдебиет кафедрасында шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Тағылымдама барысында Анкара қаласында орналасқан кітапханаларда болып, ғылыми әдебиеттермен танысты. Кафедраның ғалымдарына зерттеу тағылымдамасы бойынша есеп беріп, баяндама жасады. Мен өз тарапымнан ғылыми жұмыстың негізгі бөліміне қатысты ой-тұжырымдарымды бердім.

Диссертант Т.Рамазанов зерттеу қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми журналдарға мақала жариялап,

тақырып аясында ғылыми баяндама жасады. Оның ішінде ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналда 5 мақаласы, РИНЦ-те 1 мақаласы, халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында 3 мақаласы жарияланды.

Диссертанттың зерттеу жұмысында логикалық байланыс сақталған. Т.Рамазановтың тілі жатық, диссертация ғылыми стиль талаптарына толық жауап береді, пунктуациялық, орфографиялық қателер жоқ.

Қорыта айтқанда докторант Т.Рамазанов зерттеу тақырыбын толық игеріп, қызығушылықпен зерттеу жүргізді. Жоғарыда айтқандарды ескере келе Т.Б. Рамазановтың ««8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған **«Көркем мәтіндегі диалогтың лингвомәдени ерекшеліктері»** атты диссертациясы мақсатына жеткен және толық аяқталған жұмыс деп бағалаймын.

Проф., доктор ИБРАХИМ АХМЕД АЙДЕМИР

/қолы бар/

Хаджеттепе университеті
Әдебиет факультеті
Қазіргі түрік тілі мен әдебиеті
кафедрасы